

Бүгінгі таңда республикамызда 20 астам ҚХА кафедралары, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедраларының Қауымдастығы табысты жұмыс істеуде. Мұндай форматтағы кафедралар ешбір елде жоқ.

Қарағанды мемлекеттік университетінің басшылығы арнайы кафедраның жұмысын қолдап отырады, осылай 2016 жылдың 24 сәуір айында тарих факультетінде Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы кабинеті ашылды. Кабинет арнайы жабдықтандырылған және Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін саралауға мүмкіндіктер жасалған.

Кафедра оқытушылары Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиялық даму мен қызметі байланысты халықаралық пен республикалық конференцияларға, дөңгелек үстелдер жұмысына қатысып, эксперттік жиналыстар мен семинарларды ұйымдастырады. Қазақстан халқы Ассамблеясының кафедрасы жыл сайын «Менің Отаным - Қазақстан» атты республикалық студенттік ғылыми – практикалық конференцияны, «Н.Ә. Назарбаевтың қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік идеясы» атты кураторлық сағаттар, «Мәңгілік Ел – болашақтың бастауы» атты мектеп оқушылары арасындағы облыстық конференция, «КЛИО» атты мектеп оқушылары арасындағы Қазақстан тарихы пәнінен облыстық олимпиада және де т.б. шараларды өткізіп отырады.

Кафедраның стратегиялық дамуы «Мәңгілік Ел» құндылықтарының негізінде қоғамның азаматтық-парияттық және рухани-мәдени бірігуін тереңдетуге, қазақстандықтардың санасында мемлекеттіліктің құндылықтарын, қоғамдық келісім және бейбітшілік идеяларын бекітуге бағытталады.

«Мәңгілік Ел» идеясы мен Қасым ханның ішкі-сыртқы саясатындағы сабақтастық

Азамат Ж., Шакимурат А.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Тарих факультеті, 1 курс, Қарағанды қ.

Ғылыми жетекші: Ыбырайхан М.Ы., тарих магистры, оқытушы

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру аса қиын екенін барлығымыз білеміз. Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан кешкен тарихи шындығы. Өзара алауыздықпен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жібергенін де білеміз. Тіршілік қиындығына төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт санатынан жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол үшін өткен тарихымыздағы қателіктерді қайталамай, болашаққа дұрыс бағдар алуымыз керек. Мемлекет ретінде дұрыс стратегиялық бағыт қалыптастыру үшін жалпы халыққа ортақ бір идея керек. Халқымыздың өткен тарихымен тікелей сабақтас осындай ұстаным ретінде «Мәңгілік Ел» идеясын айта аламыз. Сол «Мәңгілік Ел» идеясын әрі қарай дамыту үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. Жоғарыда аталған «Мәңгілік Ел» идеясы «Қазақстан 2050» атты стратегиялық бағдарламаның ұстанымдық түп қазығы болып табылады. «Қазақстан 2050» стратегиясы елбасының 2012 жылғы жолдауында айтылған. Осы ретте айрықша айта кетерлік жайт, кез келген іргелі мемлекеттің құрылуына, мемлекет үшін маңызды заңдар мен бағдарламалардың қабылдауына Елбасы секілді тегеурінді тұлғалардың ерекше серпін беретіні белгілі. Қазақ мемлекеттілігінің тарихынан осындай тұлғалар жайлы көптеген мысалдар келтіруге болады. Солардың бірі Қазақ хандығының тұғырлы тұлғасы - Қасым хан! Қазақ хандығының территориясын айқындап, оны ұлы мақсаттарға бастаған - Қасым хан! Осыны ұрпақ санасына сіңірген кезде ғана біз сол дәуірдің даңқты күндері мен асыл аңсарына қол жеткізе аламыз. Өйткені олар белгілі бір тарихи дамулардағы ірі өзгерістерге белсене қатынаса отырып, оқиғалардың даму барысының жетегінде кетпейді, керісінше, өзгерістердің тез немесе баяу дамуына, оқиғалардың объективті барысына, өрбу бағытына өзіндік жеке үлесін қосады. Олардың қоғам дамуына қосқан үлесі неғұрлым ауқымды, неғұрлым терең болса, соғұрлым олардың есімі халықтың тарихи санасында өшпестей болып

сіңіп, уақыт өте ұрпақтар алдында биікке көтеріле береді. Қазақ халқының тарихында, әсіресе, хандық дәуірдегі кезеңде мұндай ұлы адамдар өте көп. Олардың қатарында 1511-1521 жылдар ішінде Қазақ хандығын билеген Қасым ханның алатын орны ерекше.

Қасым хан Қазақ Ордасының негізін салушы тарихи тұлғалардың бірі - Керей ханның немере інісі Әз-Жәнібек ханның бел баласы. Анасының есімі – Жаған-бегім Шайбани ханның інісі Махмұд сұлтанның шешесінің туған сіңілісі [1, 271 б.].

Қасым өмірінің алғашқы кезеңінде Керей ханның баласы, тақ иесі Бұрындық ханның әскерінің қолбасы, жаумен шайқастарда көзсіз ерліктер жасаған тарихи тұлға ретінде бейнеленеді. Сол кездердегі тарихи деректерде Қасымның тоғыз ағайынды болғандығы айтылады. Олар: Әдік, Қасым, Еренжі, Махмұд, Жаныш, Таныш, Қамбар, Ұснақ, Жәдік. «Бұлардың ішінде хандық дәрежеге жеткен Әдік пен Қасымнан басқалары, әрқайсысы елу мыңнан әскері бар кішігірім хандық дәрежесіндегі ұлысқа билік жүргізген. Ағайынды тоғыз сұлтан қазақ елінің айбыны болып, абыройын асырды. Бірақ олар ата салтымен хан көтерілген, бүкіл ұлыстың туын ұстаған Бұрындықтың алдынан кесе көлденең өтпеген екен. XVI ғасырдың бас кезінде тақсыз хан деп танылған дарынды Қасымның өзі Бұрындыққа қарсы келмеген. Бұл турасында сол заманның тарихшыларының деректеріне сүйеніп жазушы М.Мағауин «Қазақ тарихының әлппесі» деген еңбегінде «Бір кезде өз әкесі Жәнібек Керей ханның билігіне бас ұрғаны сияқты, Қасым да Бұрындық ханды құрмет тұтқан» - деп жазады [2, 373 б.]. Оның ел мұратын, халық мүддесін бәрінен де жоғары қойғандығы айтылады.

Ата мекенге біржола орнығу жолындағы күресте Әз-Жәнібек хан ұлдары Еренжі, Махмұд, Жаныш, Таныш сұлтандар айрықша көзге түседі. Ержүрек ағайындылар ішінде батырлығымен де, ақылымен де дара шыққан – Қазақ Ордасының болашақ ханы Қасым сұлтан болады [3, 124 б.].

Ол 1445 жыл шамасында дүниеге келген. Қол бастауда да, ел басқаруда да ежелгі ата-дәстүрін меңгерген Қасым сұлтан өзінің бар ғұмырын туған халқының болашағына арнады. Ел мұратынан бөтен тілегі, жұрт бақытынан бөтен мүддесі болмаған. Қазақ Ордасын ата қонысқа орнықтыру жолындағы қанды ұрыстарда жеке ерлігімен танылған Қасым сол кездегі тарихи әдебиетте Қыпшақ жұртының “белгілі сұлтаны, даңқты бахадұры” деп аталады. Бұрындық хан кезінде жеңімпаз қолбасы ретінде кеңінен танылады, жорықта жау бетінде, шабуылда найзаның ұшында болады. Ұрыс даласында әскери қабілетімен дараланған Қасым сұлтан бейбіт кезде әділде, білгір елбасы ретінде жұрт құрметіне бөленеді. Қырықтың қырқасына шыққан кемеңгер Қасым 1500 жылдар шамасында қазақ даласының тақсыз ханы, айбарлы әміршісіне айналады. Белгілі тарихшы Махмұд бен Уәли өзінің “Бахр әл-асрар” атты кітабында, 1504 жылдың оқиғаларын баяндай келе: “Қазір бүкіл Дешті Қыпшақтың билігі Қасым ханға көшкен”, - деп жазады [4, 21 б.]. Қасымның күш-қуатының артқаны соншалықты, ол бүкіл Мәуераннахр өңірі үшін үлкен қауып болып отыр дейді. Сол кездегі Қасым ханның басты қарсыласы Мұхаммед Шайбани хан XVI ғасыр басында алдымен қазақтарды экономикалық тәуелділікте ұстау үшін 1505 жылы арнайы жарлық шығарады. Жарлықта қазақтармен толық сауда-айырбасты тоқтату жөнінде айтылады және Орта Азияда жүрген қазақ саудагерлерін тонауға бұйрық беріледі. Бірақ бұл шара оған оң нәтиже бергізбейді, керісінше, Қазақ хандығы тарапынан қарсы әрекеттер туғызады. Шайбани хан өз әрекетін оң көрсету үшін мауреннахрлық дінбасыларына қазақтарды «дінсіздер» деп айтқызып, күреске Орта Азияның бүкіл мұсылмандарын жұмылдыруға күш жұмсайды.

Сөйтіп, ол 1505-1509 жылдар аралығында Қазақ хандығына қарсы үш рет жорық ұйымдастырды. Бұл үш жорық Шайбани хан үшін біршама нәтижелі аяқталды. Сыр өңіріндегі қазақ сұлтандарының ұлыстары талқандалып, мыңдаған мал мен жан олжаға түсіріледі. Ондай ұлыстардың бәрі Жәнібек хан ұлдарының ұлыстары болатын. 1509 жылдың қысында болған үшінші жорық кезінде Бұрындық хан жау шабуылын біле тұра, Жәнібек хан ұлдарына ешқандай көмек бермей, керісінше, өз басын аман сақтап, ұлысымен шегініп кеткен еді. Ханның бұл әрекеті бүкіл қазақ қоғамында оның беделін төмендетіп жібереді. Осы кезден бастап барлық күштер Қасым ханның төңірегінде топтаса бастайды. Өйткені

Шайбани хан алғашқы үш жорықта қазақ елін бағындыруды мақсат еткенімен оған жете қоймаған еді. Сондықтан да болашақта түпкі мақсатқа жету үшін әлі де болса жорықтар болу қаупі зор болатын. Міне, осы тұста сыртқы жауға тойтарыс бере алатын және бүкіл қазақ елін соған жұмылдыра алатын жалғыз тұлға Қасым хан еді. Сыр өңірі үшін болған шайқастарда жинақталған тәжірибе мен атақ-абырой, қолбасшылық пен ұлыс билеушілік дәреже, хан әулетінің өкілі болуы Қасым ханды қиын-қыстау жағдайда қазақ елінің ең ірі мемлекет қайраткеріне айналдырады. 1510 жылы қыста Шайбани ханның әскерлері Ұлытау баурайындағы Қасым хан ұлысына шабуыл жасайды. Қасым хан олардың бетін қайтара алмайтынын түсініп, шегінеді, біраз уақыттан соң күтпеген жерден шабуыл жасап, өз қарсыласын жеңеді [5, 6 б.].

Бұрындық ханның ел ішінде беделі болмағандықтан, Самарқанға көшіп кетті. Бұдан кейін Бұрындықтың кезінде оның әскери қолбасшысы болған Жәнібек ханның баласы Қасым сұлтанның ел ішінде беделі күшті болған. Міне сол Қасым 1511 жылы хан болды [1, 272 б.].

Қасым хан XVI ғасырдың басында ұлан-байтақ қазақ жерінің айтарлықтай бөлігін өзінің қол астына қаратты. Алғашқы кезде ханның саяси-әкімшілік және сауда-экономикалық орталығы Сырдарияның бойындағы Сығанақ қаласында болған. Қасым өзінің өмірінің соңғы кезінде астанасы Сарайшық қаласында билік жүргізген. Бұл кезде Сарайшық қаласы Ұлы Жібек жолының бойындағы басты қаланың бірі еді. Қалаға дүниенің төрт бұрышынан саудагерлер, елшіліктер келетін. Сондықтан Қазақ хандығы дүние жүзінің ірі елдерімен саяси қарым-қатынас жүргізе бастаған [1, 275 б.].

Қасым хан Моғолстан ханы Сұлтан Сайдпен достық қатынаста болды. 1513 жылы Сұлтан Сайд Ташкентке біріккен жорық ұйымдастыруды ұсынды, бірақ Қасым бұл ұсыныстан бас тартты. Өйткені ол кезде көршілес рулар мен тайпалар Қасым ханның атақ-даңқын, кемеңгерлігін естіп, өз еріктерімен келіп қосылып жатты. Оның қол астына қараған жер аумағы ұлғая берді. 1514 жылы Сұлтан Сайд Шығыс Түркістанға кеткен соң қазақ ханының Жетісудағы билігі нығая түсті. XVI ғасырдың екінші он жылдығында Қасым хан ұлан-байтақ қазақ территориясын өз қол астына қаратты. Бұл кезде қазақ хандығының шекарасы оңтүстікте Сырдария алабымен ұлғайып, Түркістан аймағындағы (Сырдария бойындағы) қалаларды өзіне қаратып алды. Шығыс оңтүстікте оған Жетісу жерінің дені (Шу, Талас, Қаратал, Іле өзендерінің алабы) қарады. Солтүстік және шығыс солтүстікте Ұлытау өңірі мен Балқаш көлінен асып, Қарқаралы тау тарамдарына дейін кеңейді, батыс солтүстікте Жайық өзенінің алабын қамтыды. (Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласы) Осылайша хандықтың шекарасы кеңейе түсті [6, 96 б.].

Қасым хан заманында Қазақ хандығы еуропалықтар арасында әйгілілік пен саяси қуаттылыққа қол жеткізген еді. Қазақ хандығымен алғашқы дипломатиялық байланыс орнатқан көршілес Мәскеу мемлекеті болды. Бұл князь Василий III билік құрған жылдары (1505-1533) жүзеге асты. Қазақ хандығының тағы бір ерекшелігі – бұл кезеңде қазақтар Батыс Еуропада жеке этникалық қауымдастық ретінде таныла бастады. Австриялық дипломат Зигмунд Герберштейн (1517 және 1526 жылдары Москвада болған) Еуропа оқымыстыларының арасында алғашқылардың бірі болып қазақтар туралы өзінің «Москвалық жазуларында» айтып өтеді [1, 275 б.].

Қасым хан алғашқы қазақ заңы - «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Аталған заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы өмірге негізделген заң болды. Сондықтан, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып: «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталады.

Қасқа деп қазақ тілінде көшпенділердің тікелей өмірімен тығыз байланысты қасиетті жануар- жылқы малының дәл маңдайына орналасқан ақ теңбілді айтады. Өмірде жиі кездесетін «Жирен қасқа айғыр», «Торы қасқа бие», «Көк қасқа құнан», – деген атаулар қасқа сөзінің қандай мағанада қолданылатын көрсетеді. Осы мағананы негізге алар болсақ «Қасқа жол» деген сөз тіркесі ақ жол, халықты адастырмайтын тура жол, бақытқа жетелейтін сара жол деген мағана білдірсе керек. Міне сөздің құдіретін бағалайтын бабаларымыз Қасым

ханның қазақ халқының мүддесіне сай шығарылған заңдар жинағын тура жолға, ақ жолға балап “Қасым ханның қасқа жолы” деген қысқа қайырған атау терең мән-мазмұн бергенін байқаймыз.

Ел басқару жүйесінде ата жолынан аумаған Қасым хан заман ерекшелігіне орай, жаңа низам жүйесін енгізеді. “Қасым ханның қасқа жолы” аталатын бұл көне Жарғы сол кездегі қазақ қауымының қоғамдық және құқықтық заңдарын қалыптастырады, әдет-ғұрып тұрмыс-салт ережелерін заңдастырып, жеке адамдар арасындағы ру тайпалар мен қоғамдық топтар арасындағы қатынас жүйесін реттейді. Қасым хан әдет-ғұрыптық заңдарға арқа сүйеп, тарихқа «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен енген өзі дайындаған конституциялық құжаттың көмегімен ел басқарды. Бұл қазақ хандығында жасалған тұңғыш заң еді. Заң бес тараудан тұрды. Заңда Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи әдет-ғұрып ерекшеліктер сақталып, сол кездегі қазақ жұртының табиғатына сай етіп жасалған болатын. Қазіргі күні кейбір мәтелдер сол заңның тармақтарынан алынған. Қасым хан отырықшы елдердегі тәртіп-заңға ұқсамайтын көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, ой-көзқарасына орай жаңа заң “Қасым ханның қасқа жолы” деп аталып кеткен тәртіп орнатты. Қазақ хандығының мемлекеттік негіздері де осы заңда көрініс тапты [4, 22 б.].

Араға бес жүз жыл салып, есесі кеткен елдің еңсесі қайта тіктелді. Қасым ханның қасқа жолы нұрлы жолға ұласты. Өткеннің өнегесі - бүгінгінің баға жетпес байлығы. Жеткенін бағамдап, барын бағалаған жан қашан да жүрісінен жаңылмайды. Сондықтан тағылым түйгендер ғана тарихқа бағыт бере алады. Бұл ретте Бродель айтқандай, тарих тұлғаларды тудырады, сол сияқты тарихты да тұлғалар жасайды. Аласапыран кезде ел тізгінін ұстаған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халқын арайлы азаттыққа бастады. Сол арқылы арқауы үзіліп қалған елдік дәстүр жалғанып, төрт құбыласы түгел мемлекеттің негіздері орнықты. Күн астында алтын қыраны қалықтаған аспан түсті көк байрақ асқақ желбіреді. Ұлт ұйысып, қаймағы бұзылмаған берекелі бірлік орнады. Әлем жұртшылығына өркениеттер қақтығысы емес, мәдениеттер келісімінің кілтін ұсынған Назарбаев пен Қазақстан деген ұғымдар балама сөзге айналды. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен өркендеу тарихында Елбасы мен Қасым ханның алатын орны ерекше. Олардың ішкі-сыртқы саясатындағы сабақтастықтарды байқауымызға болады.

Қасым хан Мұхаммед Хайдардың деректеріне қарағанда, 1518 жылы қайтыс болған. Алайда, орыс деректеріне қарағанда Қасым хан 1521 жылы қыста Сарайшық қаласында қаза болған [1, 275 б.].

Қасым хан 1520 жыл шамасында Қазақстанның қиыр батысында, Жайық бойындағы сәнді, салтанатты қала Сарайшықта дүние салды. Сүйегі Алтын Орда хандарының ежелгі зиратына, жеке күмбезге жерленеді. Қазір бұл жерде тау-тау болып үйілген топырақ қана жатыр [4, 23 б.].

Қазіргі кезде Қасым ханның дүниеден өткені туралы ғалымдардың арасында пікірталас туындауда. Бірақ, тың мәліметтерге сүйене отырып, тарих ғылымдарының кандидаты Амантай Исин Қасым ханның қайтыс болу мерзіміне байланысты өзінің көзқарасын білдірді. «№1 Түрік елшілік кітабының» қолжазбасында («Книги посольские турецкие №1») Қасым ханның қайтыс болғандығы және Қазақ хандығындағы саяси жағдай туралы 1521 жылы жазылыпты. Ол қысқа мәтінде: «А казатцкого царя Касыма сее зимы не стало. А его два салтана, и они еще меж собою бронят, а на царство никто не сел» («Қазақтың Қасым ханы қайтыс болды. Оның екі сұлтаны өзара қақтығысуда, таққа ешкім отырған жоқ»). Бұл мәселеге қатысты екінші дереккөзі тыңшы Занка Зудовтың берген мәліметі. 1520-21 жылдың қыс айларында рязаньдық Занко Зудов Астраханда тұтқында болған. Ол 1521 жылдың сәуірінде Москваның ұлы князі III Василийге жіберген мәліметінде: «Осы жылы қыста қазақ патшасы қайтыс болды», — деп жазған. Айтылған дерекке сүйене отырып, біз Қасым ханның қайтыс болған уақыты 1521 ж. деген тұжырымға келеміз. Бірақ, бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді.

Қасым хан өз халқының барлық қадірлі-қазынасын бойына жинақтаған, ақыл-парасатымен ғана емес, жайсаң мінезімен, адамгершілік қасиеттерімен де өзгеше тұрпатын

танытқан ғашайып тұлға болды. XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатыр. Қасым ханның қазақ билеушілерінің болашақ өкілдеріне қалдырған өнеге жолы – елдің саяси бірлігін сақтауы мен мемлекеттіліктің ең басты көрсеткіші хандық билікті нығайтуы, оны мойындатуы еді. Қасым ханның өмірі мен қазақ тарихында алатын орны, міне, осындай.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: «Рауан», 1992. – 374 с.
2. Қазақстан тарихы (ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін). Бес томдық. Том 3. - Алматы: «Атамұра», 1998. – 768 б.
3. Махмұд бен Уәли. ”Бахр әл-асрар”л. – Ташкент: «Фан», 1977. – 324 б.
4. Мағауин М. Қазақ тарихының әлппесі. – Алматы: «Қазақстан», 1995. – 208 б.
5. Кәрібаев Б. Қасым хан // Ана тілі газеті. – 2011. – №28. – Б. 5–6.
6. Пищулина К.А. Казахское ханство во взаимоотношениях с Могулистаном и Шайбанидами в последней трети XV века. – Алма-Ата: «Наука», 1981. – 192 с.

Мақаладағы және басқа да мәліметтерге сүйене отырып қорытынды ретінде төмендегі кестені ұсынамыз:

№1. Қасым хан мен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев саясатындағы 9 сабақтастық

| Қасым хан: | Н.Ә. Назарбаев: |
|--|---|
| <ol style="list-style-type: none"> 1. «Қасым ханның қасқа жолы» заңдар жинағы; 2. түрлі этностарды бейбіт жолмен біріктірді; 3. хандықтағы халық санын арттырды; 4. қазақ халқының территориясын қалыптастырумен қатар, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де күш салды; 5. хан ордасы - Сарайшық; 6. салт-дәстүрді дәріптеді; 7. көрші мемлекеттермен саяси дипломатиялық байланыстар орната отырып, кез келген мәселені хандық пайдасына шешуге күш салды; 8. қазақ хандығын Батыс Еуропаға танытты; 9. хандық билікті, мемлекеттілікті дамытушы қайраткер. | <ol style="list-style-type: none"> 1. «Қазақстан- 2030», «Қазақстан-2050» стратегиясы; 2. ұлтаралық татулық пен мемлекет ішіндегі тұрақтылықты сақтауды басты орынға қойды; 3. «Нұрлы көш» бағдарламасы; 4. елдің, халықтың қауіпсіздігін басты орынға қойды. Бейбітшіл бастамалар көшбасшысы; 5. мемлекет астанасы- Астана; 6. «Мәдени мұра» т.б. бағдарламалар енгізді; 7. алыс-жақын шет елдермен ұтымды саяси дипломатиялық байланыстар орната отырып, «түрік мемлекеттерінің лидері» атанды; 8. Қазақстан Республикасын әлемге танытты; 9. елдің Егемендігін, Тәуелсіздігін нығайтушы - Ұлт көшбасшысы. |

№2. Қасым хан туралы тарихшылардың айтқандары

| Жазушы | Шығарма | Көзқарастары |
|------------------------|-----------------|--|
| Мұхаммед Хайдар Дулати | «Тарихи-Рашиди» | Ол Дешті Қыпшаққа толық билігін таратты, оның халқы миллионнан асты. Жошы ханнан кейін бұл жұртта дәл мұндай күшті хан болған жоқ. |

| | | |
|--------------------|-------------------------|--|
| Захиреддин Бабыр | «Бабырнама» | Жұрттың айтуына карағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде 300 мың адам болған. |
| Қадырғали Жалайыр | «Жамиғат-ат-тауарих» | Жәнібек хан ұлдары ішінде аса белгілі болғаны Қасым хан еді. Ұзақ уақыт атасының ұлысына патшалық етті. Төңірегіндегі уәлаяттарды өзіне қаратты. |
| Камал ад-дин Бинай | «Шайбанинаме» | Ол- Бұрындық ханның әскерлері ішіндегі атақты баһадүрі және мықты сұлтанның бірі болды. |
| Белгісіз... | «Алам арайи шах Исмаил» | Шыңғысханның мұрагері Қасым хан өзінен жасы үлкендерге құрмет көрсетеді екен...» |

Кестені дайындағанда қолданылған әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: «Қазақстан», 1995. – 208 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Алматы: «Жібек жолы», 2012. – 472 б.

Идея Мәңгілік Ел и проблемы экологического воспитания.

Алимбаев Т.А. д.и.н., профессор

Карагандинский государственный университет им.Е.А.Букетова,г.Караганда
alimbaev45@mail.ru

Как известно идею Мәңгілік Ел в достаточно расширенном варианте президент Назарбаев озвучил в своем Послании народу Казахстана «Стратегия "Казахстан-2050"[1]. Новый политический курс состоявшегося государства» в декабре 2012 года При этом очевидно, что данная идея волновала его и в более ранний период времени, в частности, он к ней апеллировал на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан, 15 декабря 2010 года,[2] она нашла отражение в одноименной триумфальной арке, названной «новым символом современного Казахстана и триумфа казахстанского народа, реализовавшего многовековую мечту о Независимости и суверенитете своей страны», которая была открыта 16 декабря 2011 года Возвращение к идее Мәңгілік Ел произошло 14 декабря 2013 года,[3] когда с участием Президента РК Н.Назарбаева состоялось торжественное собрание, посвященное Дню Независимости Республики Казахстан. Обращаясь к участникам собрания, президент страны отметил, что 16 декабря 1991 года в созвездии наций мира зажглась новая звезда – Республика Казахстан и назвал семь бесценных достояний, первое которых – «наша священная и достойная страна, Мәңгілік Ел. Более четырнадцати тысяч километров бесспорных границ спаяли нашу Родину в единый монолит. Они стали рубежами добрососедства со всеми сопредельными странами В наиболее полной форме идея Мәңгілік Ел прозвучала в Послании Президента «Нурлы жол – путь в будущее» от 11 ноября 2014 года[4]. «"Мәңгілік Ел" – это национальная идея нашего общекзахстанского дома, мечта наших предков. В этом же Послании глава государства поручил организовать разработку и принятие Патриотического акта "Мәңгілік Ел", призвав все политические и общественные силы страны не быть равнодушными и подключиться к работе.

«Когда Президент говорит о будущем Казахстана как о «Мәңгілік ел», он на одно из первых мест в повестке дня ставит вопросы исторического сознания нации... хотя Казахстан на нынешнем этапе, сформировав национальную идентичность и культурную целостность, достиг полной, настоящей самостоятельности, его стремление к созданию «Мәңгілік ел» в